

"Шаруашылық басқармасы" жабық акционерлік қоғамының жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 17 қыркүйек N 1401

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен келісім

бойынша "Шаруашылық басқармасы" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Қоғам) құны бойынша қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес мүлікті Қоғамның жарияланған жарғылық капиталын төлеудің есебіне берсін;

2) осы қаулыдан туындайтын барлық қажетті шараларды қабылдасын.

2. "Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық басқармасын "Шаруашылық басқармасы" жабық акционерлік қоғамы етіп қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 тамыздағы N 822

P980822_

қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Желтоқсан көшесі, 96

Бөгенбай батыр көшесі, 152

Гоголь көшесі, 111 - бұрынғы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің гараждары

Бөгенбай батыр көшесі, 142";

"Желтоқсан көшесі, 115" деген жолдағы "N 1 павильонды қоспағанда" деген сөздер алынып тасталсын;

"Панфилов көшесі, 106а" деген жол "106" деген санмен толықтырылсын.

3. "Шаруашылық басқармасы" және "KEGOC" акционерлік қоғамдарының кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 17 маусымдағы N 784

P990784_

қаулысына күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1999 жылғы 17 қыркүйектегі

№ 1401 қаулысына

қосымша

"Шаруашылық басқармасы" жабық акционерлік

қоғамының құрамына берілетін мүліктердің

Тізбесі

№	Ғимараттардың р/с мекен-жайлары	Баланстық құны (теңге)
---	------------------------------------	------------------------

- | | | |
|----|---|-----------|
| 1. | Желтоқсан көшесі, 96 | 30192310 |
| 2. | Бөгенбай батыр көшесі, 152 | 43054528 |
| 3. | Гоголь көшесі, 111 -
бұрынғы Қазақстан
Республикасы Өнеркәсіп
және сауда министрлігінің
гараждары | 4919121 |
| 4. | Желтоқсан көшесі, 115
мекен-жайы бойынша
орналасқан ғимараттағы
№ 1 павильон | 67044030 |
| 5. | Панфилов көшесі, 106 | 23085638 |
| 6. | Бөгенбай батыр көшесі, 142 | 158196556 |
| 7. | Барлығы: | 326492183 |

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Қасымбеков Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК